

**Көсембай негізгі мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» бағдарламасы аясында жүргізілген
жұмыстар**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАқ Ғылыми-әдістемелік Кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Көсембай негізгі мектебінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылды. Арнайы кабинет ашылды.



Көсембай негізгі мектебінде 2023 жылғы 1-қыркүйектен бастап Ақтөбе облысының барлық білім беру ұйымдарында ҚР білім министрілігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен және облыстық басқарманың бекітуімен енгізілген "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы жалпы ата-аналар жиналысында таныстырылды. Жалпы ата-ана саны - 33. Қатысқан ата саны: 30.

https://www.instagram.com/p/CzXzCeXoWAc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» сабақтарын өткізуге арналған арнайы кабинет бар. Кабинетке орталық туралы толық ақпарат беретін бұрыш ұйымдастырылған. Жоспарды жүзеге асыруда жыл бойы төмендегідей сабақтар ұйымдастырылды.



Көсембай негізгі мектебінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасы аясында «Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу» тақырыбында сабақ өтілді. Мақсаты: Ата-аналарды позитивті ата-ана болу құзыреттерін игеруге ынталандыру. Позитивті ата-ана болудың мәнімен, қағидаттарымен, әдістерімен таныстыру. Жұмыс жоспары төмендегідей болды.

I. Кіріспе: Позитивті ата-ана болу неге маңызды.

II. Негізгі бөлім: Жас өспірімдердің жас ерекшелігі.

«Позитивті ата-ана» ұғымының мәні

Тапсырма. «Сіздің балаңыздың портреті», «Сіздің балаңыздың күшті тұстары»

Жаттығу: «Бағдаршам», «Белсенді тыңдау»

III. Қорытынды: қорытындылау, тілектер

Аталған сабақ 5-7-сынып ата-аналары арасында өтілді. Барлығы: 12 ата-ана қатысты. Өткізген педагог-психолог Р. Шутенова.

https://www.instagram.com/reel/CztJ2XSoZ74/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



1-4-сынып оқушыларына арналған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы негізінде «Отбасы-бақыт бесігі» тақырыбындағы алғашқы сабағы өтілді. Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру. Жұмыс барысы төмендегідей болды.

I. Кіріспе. Интерактивті әңгіме.

II. Негізгі бөлім.

Топтық жұмыс. Бейнеролик көру және талқылау. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекет.

III. Қорытынды. Музыкалық сыйлық. Жақсы тілектер.

Сабаққа ата-аналар белсенділікпен қатынасты. Өткізген бастауыш сынып жетекшісі:

Е.Қ.Аққошқаров.

https://www.instagram.com/reel/CzvyNYGowBa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



«Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының 1-4-сынып оқушыларына арналған кезекті сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру. Сабаққа 12 ата-ана қатысты. Өткізген: бастауыш сынып мұғалімі Ж.Сұлтанғалиева.

https://www.instagram.com/reel/COLfY44leuO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



«Ата-аналарды қолдау орталығы» жоспарына сәйкес 5-9-сынып ата-аналарына «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады» тақырыбында кезекті сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту. Ата-аналар кезекті сабаққа белсенділікпен қатынасты.

https://www.instagram.com/reel/C0LDkphlEta/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



1-4-сынып ата-аналарына арналған «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады» тақырыбында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті сабағы өтті. Мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту. Өткізген: бастауыш сынып мұғалімі: Ш.Азанова

https://www.instagram.com/reel/C2RKL54IKND/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



«Бұлақ көрсең көзін аш. Шығармашыл тұлғаны қалай тәрбиелейміз» тақырыбындағы 5-9-сынып ата-аналарына арналған кезекті сабағы өтілді.

https://www.instagram.com/reel/C3SReLNopGf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



5-9-сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбында кезекті сабағы өтілді. Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру. Өткізген педагог-психолог Р.Шутенова, әлеуметтік -педагог М.Сисенов

https://www.instagram.com/reel/C363vmio-r4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



1-4-сынып ата-аналарының педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Кұмар ойындары – тәуелділік қақпаны» тақырыбындағы кезекті сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты: ата-аналардың интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту. Өткізген: Е.Аққошқаров.

https://www.instagram.com/reel/C39Vf-ooiom/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Әр нарсенің өлшемі бар...» «Қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?» тақырыбындағы 5-9-сынып ата-аналарына арналған кезекті сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Қатысқан ата-ана саны: 12 Өткізген: Н.Абдиганиева.

https://www.instagram.com/reel/C5AX5Yko3y6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



5-9-сынып ата-аналарымен “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жоспарына сай “Жасөспірімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері” тақырыбында кезекті сабағы өтілді. Сабақтың мақсаты: Балалардың айналасындағылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына қолдау көрсету.

https://www.instagram.com/reel/C6IW0PHozX0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



1-4-сынып ата-аналарымен “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жоспарына сәйкес “Балаға үлгі көрсету” тақырыбында кезекті сабағы өтілді. Қатысқан ата-ана саны-12. Өткізген: бастауыш сынып мұғалімі М.Б.Желдібаева Мақсаты: ата-ананың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысының шарты ретінде балаға жағымды үлгі болуға дайындығын қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/C6lki6QAo15/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Сонымен бірге 1-4-сынып ата-аналарымен «Тәліммен өрілген өмір», 5-9-сынып ата-аналарымен «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыптарында ата-аналарды қолдау орталығының сабақтары өтілді. Аталған оқу жылына жоспарланған жоспар толық орындалды. Сабақтарға ата-аналардың қатысымы өте жақсы. Өтілген барлық жұмыстар хаттамаланып, дәлелдеме құжаттары жинақталды. Өтілген барлық жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасына @kosembai2024 жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Л.М.Шутенова

**Көсембай негізгі мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
«Даналық мектебі» клубы бойынша өтілген жұмыстар
қорытындысы**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАқ Ғылыми-әдістемелік Кеңестің 2023 жылы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Көсембай негізгі мектебінде «Даналық мектебі» клубы құрылды.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірбесін пайдалану мақсатында «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді.



«Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Ертегі – танымның көзі» тақырыбында 1-4-сынып оқушыларының әжелермен интерактивті сабақ ұйымдастырылды. Шара барысында әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуеті жан-жақты ашылып, отбасында

ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге керектігі талқыланды.

https://www.instagram.com/reel/C00e76no39K/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Бастауыш сынып әжелерімен «Ырым-тыйым – әдептілік негізі» тақырыбында әжелер мектебінің жетекшісі Ш.Азанованың ұйымдастырумен дөңгелек үстел жұмысы өтілді. Жұмыс барысында әдептілік туралы тұжырымдар жасалып, ырымдар және

оның маңызы туралы түсіндіріліп, ырым тыйымның ұлттық тәрбиедегі орнын ашып, мәнін айқындады. Аталған шараға -9 әже қатысты.



8-наурыз Халықаралық аналар әйелдер күніне орай жас ұрпақты ата - баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелер айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Әжелер өнегесінің

ерекшелігін ашу. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге үйрету мақсатында 1-2-сынып оқушыларының әжелерінің арасында «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» тақырыбында сайыс өтілді. Өткізген сынып жетекшілері М.Желдібаева, Ш.Азанова

https://www.instagram.com/reel/C4PWbjxlIq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Жеңгелер мектебінің жоспарына сәйкес «Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбында 7-9-сынып қыз балалары және жеңгелерімен дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие

берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру. Жұмыс барысында жеңгелер қыздарға қыз баланың тұлғалық қалыптасуы, халқымыздағы қыз бала тәрбиесі арқылы отбасы бақытын сақтау құпияларымен бөлісті. Сонымен бірге «Мұны қыздар білуге тиіс...» тақырыбында интерактивті сабақ өтілді. Интерактивті сабақ барысында жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіріліп, қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің ролін ашылып, қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен түсіндірілді.

https://www.instagram.com/reel/Cz3esZYl6qK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



8-наурыз халықаралық аналар мерекесіне орай 5-8-сынып қыз балалары мен жеңгелері арасында “Сұлу қыз, сырлы жеңге” тақырыбында байқау өтілді. Байқауға 5-сыныптан Абдолова Жаңагүл жеңгесі Гүлданамен, 6-сынып оқушысы Майданова Гүлсая жеңгесі Қарашашпен, 7-сынып оқушысы Имағамбетова Кәусар жеңгесі Орынгүлмен, 8-сынып оқушысы Сансызбай Мадина жеңгесі Гүлсезіммен қатысып өз өнерлерін көрсетті. Байқау нәтижесі бойынша қатысушылар жүлделі орындармен, сыйлықтармен марапатталды. Өткізген сынып жетекшілері Ж.Даулетова, М.Елемесова.

https://www.instagram.com/reel/C4LvhgulX1m/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Ағалар мектебінің жоспарына сәйкес Ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбындағы дискуссия өтілді. Шараға 7-9-сынып ер балаларының ағалары қатысып, ағалар міндетінің

мағынасы ашылып, інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндірді. Сонымен бірге «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбындағы кездесу кеші өтілді.

https://www.instagram.com/reel/COLqeWVlnci/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Аталар мектебі жоспарына сәйкес «Жеті атасын білген жұр, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау. Аталған шара негізінде оқушылар шежіренің мағынасын толық ұғып, қан тазалығы ұлт болашағы екендігін, әулет тарихын білудің маңыздылығын ұғынды. Сонымен бірге «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау мақсатында іс-шара өтілді.

Жалпы «Даналық мектебі» клубы аясында жоспарланған барлық жұмыстар өз деңгейінде жоспарға сай ұйымдастырылды. Өтілген жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Л.Шугенова

